# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 1 тамыз №5265-23-00-2/1635 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева, онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «ИЧ-167/11 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер 2023 жылғы 8 ақпандағы мемлекеттік сатып алу туралы №35 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде қызмет көрсетпеген.

Учреждение №69 ЧУИС по городу Шымкент и Туркестанской области Нисанбаев Р.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 117, 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «ИЧ-167/11 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья:** **А.А. Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А.А, 01.08.2023

Заңды күшіне енген күні 12.09.2023, судья Кененбаева А.А, 03.10.2023

5-23-3-1/1783

# Ұ Й Ғ А Р Ы М

2023 жылғы 18 тамыз №5265-23-00-2/1635 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы АА.Кененбаева, талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің «№69 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық іс қарап,

**АНЫҚТАДЫ**:

Талап қоюшы аталған талап қоюымен сотқа жүгінген.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 1 тамыздағы шешімімен талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылған, «Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылған, «Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 235-бабы 2-бөлігіне сәйкес сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Аталған сот шешімінің кіріс және қарар бөлігінде талап қоюшының атауы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «ИЧ-167/11 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі» деп қате жазылған.

Сондықтан аталған қате сот тарапынан «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің «№69 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі» деп түзетуге жатады,

АПК-нің 268, 269 -баптарын басшылыққа алып,

**ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:**

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 1 тамыздағы шешімінде жіберілген қателікке түзету енгізілсін.

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің «№69 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық іс бойынша 2023 жылғы 1

тамыздағы шешіміндегі талап қоюшының атауы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «ИЧ-167/11 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі» деген кате «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің «№69 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі» деп түзету енгізілсін.

Ұйғарымға наразы жақ ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы жеке шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья:** **қолы** **А.А. Кененбаева**

Көшірмесі дұрыс.
**Судья:** **А.А. Кененбаева**